

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ
Педагогикалық өлшеулер орталығы



«ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫРТҚЫ ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ТЕСТ СПЕЦИФИКАЦИЯСЫ

12-сынып

Астана, 2026

Мазмұны

1	Бағалау мақсаты	3
1.1	Халықаралық стандарттармен байланысы	3
1.2	Оқу бағдарламасымен байланысы	3
1.3	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы	3
2.	Сыртқы жиынтық бағалауға шолу	3
2.1	Бағалау міндеттері	4
3.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	4
3.1	1-емтихан жұмысы	4
3.2	2-емтихан жұмысы	5
3.3	Балдардың үлестірілуі.....	5
3.4	Емтиханды өткізу тілі.....	5
4.	Емтиханды өткізу процесін басқару	5
5.	Балдарды қою процесі	5
6.	Бағаларды қою процесі	6
6.1	Бағалар сипаттамасы	6
7.	Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі.....	6
7.1	1-емтихан жұмысы	7
7.2	2-емтихан жұмысы	15

1 Бағалау мақсаты

Бағалау мақсаты – оқушының оқу процесінде алған білімі мен білігінің деңгейін, сондай-ақ олардың жоғары деңгейдегі ойлау дағдыларын қолдана алу қабілетін анықтау.

1.1 Халықаралық стандарттармен байланысы

12-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыртқы жиынтық бағалау тапсырмалары Cambridge AS-level халықаралық стандартына сай құрастырылған.

1.2 Оқу бағдарламасымен байланысы

12-сыныптың сыртқы жиынтық бағалауы 11 және 12-сыныптағы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ NIS-Programme Білім беру бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Оқушылардың білімі мен білігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары «Қазақстан тарихы» пәні бойынша бағдарламасының күтілетін оқу нәтижелерімен анықталады.

1.3 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Сыртқы жиынтық бағалау критериалды бағалау жүйесінің бір бөлігі болып табылады, сонымен бірге оған қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау кіреді.



2 Сыртқы жиынтық бағалауға шолу

Барлық оқушылар екі емтихан жұмысын орындайды.

1-емтихан жұмысы	120 минут
Оқушылар бес тапсырманың ішінен таңдап алынған екеуін орындайды. А бөлімінде оқушылар әр түрлі ақпарат көздерінен алынған мәтіндерден дайындалған екі сұрақтың біреуін таңдап алады. Диаграмма, график және деректерді қосқанда барлығы 300 сөзден көп болмауы қажет. Сұраққа жауап берерде оқушылар берілген бастапқы материалға сүйене отырып, өз білімдерін көрсетулері қажет. В бөлімінде эссе жазуға 3 сұрақ беріледі. Соның ішінен оқушылар бір сұрақты таңдап алады. Бұл тапсырманың сұрақтары 11, 12-сыныптың «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу бағдарламасының барлық аспектілері бойынша білімі мен дағдыларын тексереді.	
Жалпы балл санының 60%-ы	
2-емтихан жұмысы	

Оқушылар көлемі 2500-3000 сөзден тұратын курстық жұмысты жазып тапсырады. Курстық жұмыс 11 немесе 12-сыныпта оқылатын мәселелер мен сұрақтарды қамтиды. Тақырыпты мұғалімнің келісімімен оқушы өзі таңдайды. Жұмыстың көп бөлігін оқушылар мұғалімнің басшылығымен және бақылауымен сабақтан тыс уақытта орындайды.

Жалпы балл санының 40%-ы

2.1 Бағалау міндеттері

1-БМ	Білу және түсіну - Қазақстанның қазіргі әлемдегі орнын; - Қазақстанның саяси және конституционалды дамуын; - Қазақстанның мәдени және ұлттық құндылықтарын; - Қазақстанның жаңа тарихы мен экономикасын; - Қазақстанның халықаралық деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін; - Қазақстан Республикасында және бүкіл әлемде мәні бар оқиғаларын білу және түсіну керек.
2-БМ	Талдау, бағалау және тапсырмаларды орындау - сәйкес ақпаратты талдау және интерпретация жасауды; - кең көлемді деректер негізінде әр түрлі көзқарастарды синтездеу және бағалауды; - теңгерімді дәлелдерді құрастыруды; - зерттеу материалдарын таңдай алып өз бетінше жоспарлауды, оны эссені жазу барысында қолдана алу керек.
3-БМ	Коммуникация және презентация - тапсырмаларды әр түрлі форматта көрсете алуды, мысалы эссені, баяндаманы, зерттеу жұмысын, сәйкес лексиканы қолдана алуды; - бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалана отырып сұрақтарға тиімді жауап бере алу керек.

3 Емтихан жұмысының сипаттамасы

Емтихан екі жұмыстан тұрады. 1 - емтихан жұмысы 11 және 12-сынып оқу бағдарламасы мазмұнының игерілуін бағалайды. 2-емтихан жұмысы 11 және 12-сыныпта оқылатын тақырыптар бойынша сұрақтар мен мәселелер төңірегінде жазылған курстық жұмысты бағалайды.

3.1 1-емтихан жұмысы

120 минут

Оқушы бес сұрақтың ішінен екеуін орындайды. Емтихан жұмысы екі бөлімнен тұрады: А бөлімі және В бөлімі. Әр бөлімнен 1 сұрақ таңдап алынады. Әрбір сұраққа 30 балл қойылады.

А бөлімі: Оқушылар берілген екі сұрақтан бір сұрақты таңдап алады. Екі сұрақта да көмекші материал бар (ең көбі 300 сөзден тұратын 1 немесе 2 мәлімет көзінен алынуы мүмкін) және 3 сұрақшадан тұрады.

а) сұрағы тек 1-БМ тексереді, ал б) сұрағы мен с) сұрағы барлық БМ тексереді.

В бөлімі: Оқушылар берілген үш сұрақтың ішінен бір сұрақты таңдап алады. Сұрақтар эссе түрінде беріледі және барлық БМ тексереді.

Барлығы 60 балл.

3.2 2-емтихан жұмысы

11-12 сыныптарда оқушылар курстық жұмысты орындап шығуы қажет.

Оқушылар көлемі ең азы - 2500, ең көбі - 3000 сөзден тұратын курстық жұмыс жазады. Курстық жұмыстың мазмұнында кіріспе, негізгі бөлім және қорытынды болуы қажет. Тақырыпты мұғалімнің келісімімен оқушының өзі таңдайды. Оқушының тақырыпты өзі таңдап, зерттеу жұмысын өзі жасағанын мұғалім растауы қажет. Жұмыстың көп бөлігін оқушылар мұғалімнің басшылығымен және бақылауымен сабақтан тыс уақытта орындайды. Мұғалім оқушының жұмысына нұсқау беріп, өз пікірін білдіре алады, бірақ қолжазбаның алғашқы түріне баға қоймайды.

Курстық жұмысты жазу барысында оқушы өз бетімен зерттеу жүргізе алатынын, басты тақырыпқа тиімді талдау жасай алатынын, алынған деректерге негізделген және дәлелденген қорытындыға келе алатынын көрсете алуы қажет.

Барлығы 40 балл.

3.3 Балдардың үлестірілуі

Бағалау міндеттері бойынша балдардың үлестірілуі төмендегі кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	1-емтихан жұмысы	2-емтихан жұмысы	Барлығы
1-БМ	23	10	33
2-БМ	27	20	47
3-БМ	10	10	20
Барлығы	60	40	100

3.4 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан қазақ тілінде тапсырылады.

4 Емтиханды өткізу процесін басқару

Емтихан қауіпсіздік шараларының барлығын қатаң түрде сақтай отырып, Назарбаев Зияткерлік мектептері оқушыларының оқу жетістіктерінің сыртқы жиынтық бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы Нұсқаулықтың талаптарына сай өткізіледі. Нұсқаулық келесі негізгі тармақтарды қамтиды:

- емтихан материалдары және олардың қауіпсіздігі;
- мұғалімдердің, кезекшілердің және әкімшіліктің міндеттері;
- емтихан өткізуге арналған материалдар мен аудиторияларды дайындау;
- жазбаша және практикалық емтихандарды өткізу үшін сәйкес келетін аудиторияларды дайындау.

5 Балдарды қою процесі

Балл қою процесі бас емтихан алушы, топ жетекшілері және емтихан алушылардан тұратын аттестациялық комиссия күшімен жүзеге асырылады. Әрбір емтихан жұмысы бойынша балл қою үшін емтихан алушылар топтары құрылады. Оларды топ жетекшілері басқарады.

Балдарды қою кезінде барлық емтихан алушылар балл қою кестесінің бірдей нұсқасын пайдаланады. Балл қою кестесінің дұрыс қолданылуын және бағалаудың әділдігін қамтамасыз ету мақсатында емтихан алушының тексерген жұмыстарын топ жетекшілері, бас емтихан алушы таңдамалы түрде қайта тексереді.

6 Бағаларды қою процесі

Әрбір пән бойынша бағалау нәтижелері А*, А, В, С, D және Е әріптік бағалары түрінде қойылады, мұндағы А* бағасы оқу жетістіктерінің ең жоғарғы деңгейі, ал Е бағасы ең төменгі деңгейі болып табылады.

U бағасы (қанағаттанарлықсыз) оқушының оқу бағдарламасы материалын меңгермегенін білдіреді.

Оқушылардың пән бойынша оқу жетістіктерінің бағасы әр емтихан жұмыстарының бағаларынан емес, барлық емтихан жұмыстарының жалпы балынан шығарылады.

Тест спецификациясында негізгі бағалардың (А, С және Е) сипаттамасы берілген. Аттестациялық комиссия осы бағалардың шекараларын кәсіби ой-пікір және оқушылардың нәтижелері негізінде анықтайды. А*, В және D бағаларының шекаралары арифметикалық жолмен анықталады.

А*, А, В, С, D және Е бағалары қорытынды бағаға аударылады.

6.1 Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы оқушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде оқушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
А	Пән жайлы терең білімі мен түсінігі бар екенін көрсетеді. Үздік талдау, бағалау және коммуникативті дағдылары қалыптасқан. Жоғары деңгейдегі тәуелсіз зерттеулер жасай алады. Күрделі пікірлер жасап, жоғары деңгейде түсіндіре алу және дәлелді бағалай алу дағдылары бар.
С	Пән жайлы жақсы білімі мен түсінігі бар екенін көрсетеді. Талдау, бағалау және коммуникативтік дағдылары жақсы қалыптасқан. Тәуелсіз зерттеуді жақсы дәрежеде орындай алады. Білікті түрдегі пікірлер жасап, түсіндіре алу және дәлелді бағалай алу дағдылары бар.
Е	Пән жайлы базалық білімі мен түсінігі бар екенін көрсетеді. Шектеулі талдау, бағалау және зерттеу дағдыларын көрсетеді. Тәуелсіз зерттеулерді шектеулі деңгейде жасайды. Шектеулі пікірлер жасап, түсіндіре алу және дәлелді бағалай алу дағдыларын көрсетеді.

7 Сұрақтар және балл қою кестелерінің үлгісі

Әр сұрақтың соңында тік жақша [] ішінде осы сұрақтың жауабы үшін берілетін балл саны көрсетілген.

Нұсқама ретінде әр тапсырма үшін қойылатын балл саны анық көрсетілген балл қою кестесі беріледі.

7.1 1-емтихан жұмысы

А бөлімі

А-бөлімінде екі сұрақ берілген. Екі сұрақтың біреуіне жауап беріңіз.

1. Мәтінді оқып, **(а)**, **(b)** және **(с)** сұрақтарына жауап беріңіз.

Қазақстан және жаһандану

Жаңа мыңжылдықтың қарсаңында халықаралық бірлестіктер орасан өзгерістерді бастан кешіруде. Олардың қатарында этникааралық және конфессияаралық жанжалдар; халықаралық терроризм және ұйымдасқан қылмыс; табиғи, техногенді және қоғамдық апаттар; аурулар және эпидемиялар; энергетикалық, экологиялық мәселелер бар.

Бұл қауіптер жаһандану үрдісінің шыңында тұр. Барлық мемлекеттер тек қана экономикалық және технологиялық ақпаратпен, басқарушылық білімдерімен бөлісіп қана қоймай, басқа да көптеген мәселелермен өзара пікір алмасуда. Бұл адамзатқа қауіп-қатерлерді де әкелуі мүмкін.

Жаһандық қауіптердің шешімін табуда кең көлемді және тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз ету үшін барлық халықаралық бірлестіктердің күшін біріктіру уақыты келгеніне біз сенімдіміз. Бүгінгі таңда мемлекеттердің жаһандық үдерістерге тартылысы экономиканың гүлденуіндегі маңызды фактор болып тұрғаны да анық.

Қазақстанның саяси және экономикалық ашықтығында басқа баламалар болуы мүмкін еместігіне біз сенімдіміз. Соңғы төрт жылдың ішінде біздің мемлекеттік экономиканың тез қарқынды өркендеуін көрсетті. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдерінің арасында Қазақстан экономикалық көрсеткіштер бойынша ең алдыңғы қатарда. Нарықтық экономикасы бар мемлекет бола тұра, Қазақстан әлемдік экономиканың ажырамас бөлігі және жаһандану үдерісінің белсенді қатысушысы болып табылады. Дүниежүзілік сауда ұйымына ерте кіруге рұқсат алу - Қазақстан үшін басты мәселелердің бірі болды.

14 -жол

Біздің мемлекеттің Азияда қауіпсіздіктің кешенді жүйесін салудағы күш-жігері барлығына мәлім. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен өткізілген Азиядағы мемлекеттердің өзара қатынасы және сенімін күшейту жолдары жайлы конференциясы осы мақсатқа сәйкес келеді.

22 -жол

(Біріккен Ұлттар Ұйымында ҚР Сыртқы істер министрінің сөйлеген сөзінен, 2003)

Төмендегі сұрақтарға жауап беру үшін мәтінді және өз біліміңізді қолданыңыз.

- (а)** «Қазақстанның саяси және экономикалық ашықтығы» деген сөз тіркесі нені білдіретінін сипаттаңыз (14 - жол). Шамамен 75-100 сөз жазыңыз.

[5]

- (b)** «Біздің мемлекеттің Азияда қауіпсіздіктің кешенді жүйесін салудағы күш – жігері» деген сөйлеммен автордың не айтқысы келгенін түсіндіріңіз (22- жол). Шамамен 150-200 сөз жазыңыз.

[10]

- (с)** Жаһандық қауіптерді басқаруда Қазақстанның үлесін бағалаңыз. Шамамен 300-350 сөз жазыңыз.

[15]

НЕМЕСЕ

2 Мәтінді оқып, (a), (b) және (c) сұрақтарына жауап беріңіз.

Қазақстанның экономикалық дамуы

Бүгінгі таңда Орта Азия аймағы Еуразиялық экономикалық жүйеде маңызды орынға ие. Соңғы бес жылдың ішінде Орта Азия елдерінің нақты жиынтық экономикалық өсудің қарқыны орташа алғанда 10%-ды құрады. Өткен жылы аймақтың жиынтық ішкі жалпы өнімі - 160 миллиард АҚШ долларды құрады.

Бұл өңірде үлкен энергетикалық ресурстар, кен мен металл, дамыған көлік инфрақұрылымы және қомақты адами ресурстар жеткілікті деңгейде.

Бұл артықшылықтар Орта Азия елдерінің тиімді әрі ұтымды кәсіби дамуына негіз болғандығын қамтамасыз етеді және аймақтың экономикалық әлеуетін көрсетеді.

Бұл аймақтың экономикалық әлеуеті инвестициялық мүмкіндіктердің негізгі факторы болып табылады. Аймақ жаңа экономикалық үдерістерді қабылдауға **10-жол** даяр және болжамды халықаралық инвестиция ағымдарын қарсы алуға дайын.

Аймақтың экономикасы жоғарғы деңгейдегі ынтымақтастықпен бейнеленеді. Бұл ынтымақтастық өсіп өркендеуге қомақты потенциал ұсынады. Барлық аймақтардағы инвестициялық үдерістерге қосымша деңгейдегі қауіпсіздікті ұсына **15-жол** отырып, Қазақстанның экономикалық реформаларының жетістіктері ынтымақтастықты кеңейтуде маңызды рөл атқаратынына сенімді.

Біздің мемлекет Орта Азия мемлекеттерінің ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) жалпы көлемінің шамамен 70%-ын қамтиды. Соңғы 5 жылдың ішінде мемлекеттің жылдық экономикалық өсуі орташа есеппен 10%-ды құрады. Қазақстан Республикасына тікелей келетін шетелдік инвестициялардың ортақ көлемінің үлесі 80% артық. Қазақстан экономикасына тікелей келетін шетелдік инвестициялардың деңгейі 70 миллиард АҚШ долларына жетті.

(Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің сөйлеген сөзінен, 2008)

Төмендегі сұрақтарға жауап беру үшін мәтінді және өз біліміңізді қолданыңыз.

(a) «Жаңа экономикалық үдерістер» деген сөз тіркесін сипаттаңыз (10-жол). Шамамен 75-100 сөз жазыңыз.

[5]

(b) «Қазақстанның экономикалық реформаларының жетістіктері» деген тіркес арқылы автордың не айтқысы келгенін түсіндіріңіз (15-жол). Шамамен 150-200 сөз.

[10]

(c) «Экономикалық ынтымақтастық Қазақстан Республикасының тез қарқынмен өркендеуінің басты себебі болып табылады». Сіз бұл пікірмен қаншалықты келісесіз? Шамамен 300-350 сөз.

[15]

А бөлімінің балл қою кестесі

1 x 30 балл

А бөліміне балл қою кестесі сұрақтың мазмұнына байланысты анықталады. Ол 1 және 2-бағалау міндеттеріне жауап бере алатындай стандартты құрылымға сәйкестендіріледі. 3-бағалау міндеттері А бөлімінің барлық сұрақтарында пайдаланылып, балл қоюдың жинақталған кестесі болып табылады.

Бөлім	Бағалау міндеттері	Бағалау міндеттері (БМ) бойынша балл	Балл қою кестесінің құрылымы
а)	Тек 1-бағалау міндетін бағалайды. Оқушыларға бастапқы материалды қолдануға рұқсат етіледі және олар тақырыпты білетіндіктерін көрсетеді.	1-БМ - 5	3 балл бастапқы материалдан алынған ақпарат үшін; 2 балл оқушылар біліміндегі қосалқы сәйкес факторлары үшін.
б)	1 мен 2-бағалау міндетіне ерекше көңіл бөліне отырып, барлық бағалау міндеттерімен бағаланады	1-БМ - 4 2-БМ - 4 3-БМ - 2	8 балл 1 және 2-бағалау міндеттеріне ерекше көңіл бөлінген мазмұны үшін; 2 балл жауапты жүйелі жеткізгені үшін.
с)	2-бағалау міндетіне ерекше көңіл бөле отырып, барлық бағалау міндеттерімен бағаланады	1-БМ – 4 2-БМ – 8 3-БМ – 3	12 балл 1 және 2-бағалау міндеттеріне ерекше көңіл бөлінген мазмұны үшін; 3 балл жауапты жеткізгені үшін.

Нұсқаулық ретінде жеке сұрақтарға байланысты балл қою кестесі туралы ақпарат келесі кестеде әрбір сұрақтың жанында курсивпен жазылған. Белгілі бір тапсырма бойынша балл қою кестесі мысал ретінде көрсетілген. Мысалы А бөлімінің 1 – сұрағы.

1 Келесі сұрақтарға жауап беру үшін жоғарыда берілген мәтінді және өз білімдеріңізді қолданыңыз.

(а) «Қазақстанның саяси және экономикалық ашықтығы» деген сөз тіркесі нені білдіретінін сипаттаңыз (14- жол).

[5]

Арнайы балл қою кестесі

1 балл бастапқы материалдан анықталған әрбір сәйкес келген пунктке қойылады:

Жарияланған сөздерде саяси және экономикалық мәселелердің туындауы;

Басқа мемлекеттер арасында деректермен алмасу;

Сөйлеген сөзге берілген жариялық.

Ең көбі: 3 балл

Бастапқы материалдан алынбаған қажет ақпарат үшін 2 балл, мысалы:

- *Барлық экономикалық деректерге ұлттың қол жетімділігі;*
- *Қазіргі кездегі Қазақстанның барлық аспектілерінің прогресі жайлы көпшілікпен ашық пікірталастар;*

- Қазіргі кездегі саяси және сайлау үрдістерінің ашықтығы.

Ең көбі: 2 балл

- (b) «Біздің мемлекеттің Азияда қауіпсіздіктің кешенді жүйесін салудағы күш – жігері» деген сөйлеммен автордың не айтқысы келгенін түсіндіріңіз (22 - жол). Шамамен 150-200 сөз жазыңыз.

[10]

1-БМ – 4 балл, 2-БМ – 4 балл, 3-БМ – 2 балл

Арнайы балл қою кестесі

1-БМ Оқушылар Азиядағы кешенді қауіпсіздікті жүргізу туралы Қазақстан саясатынан хабардар екендігін көрсетеді. Орта Азияға ерекше көңіл бөлінген. Ішкі қауіпсіздік саясаты тек аймақтық және «барлық азиаттық» қауіпсіздік саясатымен байланысты болған жағдайда маңызды. Әсіресе, әрекеттестік конференциясы мен сонда жасалынған саясат туралы жазу қажет.

2-БМ Оқушылар осы бағытта орын алған Қазақстанның потенциалына шолу жүргізе алады және не себепті бұл «кешенді» саясат деп аталатынын жазады.

Балл қоюдың жалпы кестесі

Балдар	1-БМ	2-БМ	3-БМ
4	Сипатталған мазмұн арқылы өте терең білімі мен түсінігін көрсетеді.	Сипатталған мазмұнды өте тиімді және мұқият талдайды және бағалайды.	
3	Сипатталған мазмұн арқылы терең білімі мен түсінігін көрсетеді.	Сипатталған мазмұнды жақсы талдайды және бағалайды.	
2	Сипатталған мазмұн арқылы қанағаттанарлық деңгейдегі білімі мен түсінігін көрсетеді.	Сипатталған мазмұнды қанағаттанарлық деңгейде талдайды және бағалайды.	Пікірлер өте нақты берілген. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер өте аз.
1	Сипатталған мазмұн арқылы жеткіліксіз деңгейдегі білімі мен түсінігін көрсетеді.	Сипатталған мазмұнды жеткіліксіз деңгейде талдайды және бағалайды.	Пікірлер қанағаттанарлық дәрежеде берілген. Кейбір грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер кездесуі мүмкін.
0	Сипатталған мазмұн арқылы білімі мен түсінігі жоқ екенін көрсетеді.	Сипатталған мазмұнды талдауы мен бағалауы жоқ.	Сөйлемнің жазылу тәртібі бұзылған, пікірлері жеткілікті деңгейде жеткізілмеген. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер көп.

(с) Жаһандық қауіптерді басқаруда Қазақстанның үлесін бағалаңыз. Шамамен 300-350 сөз жазыңыз.

[15]

1-БМ – 4 балл, 2-БМ – 8 балл, 3-БМ – 3 балл

Арнайы балл қою кестесі

1-БМ Оқушылар Қазақстанның жаһандық қауіп-қатерлер мәселесін шешудегі негізгі тәсілдерді анықтайды. Бастапқы материалда негізгі қатерлер тізбектелінген, ашықтық және қатысу деген тәсілдер берілген. Басқа атап өтетін факторлар бұл жасалып жатқан теңдестірілген ұлттық қауіпсіздік саясаты, кең ауқымдағы интеграция және ресурстарды тиімді қолдану болып табылады.

БМ2 Қомақты балды алу үшін бұл жерде «жетістік дәрежесі» маңызды. «Жетістіктің» бұл контексте нені білдіретінін ойлаған кез келген оқушы марапатқа лайық. Қазақстанның қауіп-қатерлермен күресіндегі көмегін қарастыра отырып, теңдестірілген жағдайды көрсету және көрсетілген пунктер бойынша мысал келтіру қажет. Сәтсіз сұрақтарды қарастырып олардың сәтсіздігінің себебін көрсету керек.

Балл қоюдың жалпы кестесі

1-БМ	2-БМ	3-БМ
4 балл Сипатталған мазмұн арқылы өте терең білімі мен түсінігін көрсетеді.	7-8 балл Сипатталған мазмұнды өте тиімді және мұқият талдайды, бағалайды.	
3 балл Сипатталған мазмұн арқылы терең білімі мен түсінігін көрсетеді.	5-6 балл Сипатталған мазмұнды жақсы талдайды және бағалайды.	3 балл Пікірлер өте нақты және логикалық тұрғыдан дәйекті әрі тез жеткізілген. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер өте аз.
2 балл Сипатталған мазмұн арқылы қанағаттанарлық деңгейдегі білімі мен түсінігін көрсетеді.	3-4 балл Сипатталған мазмұнды қанағаттанарлық деңгейде талдайды және бағалайды.	2 балл Пікірлер жеткізілген, бірақ тез әрі дәйекті түрде емес. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер кездесуі мүмкін.
1 балл Сипатталған мазмұн арқылы жеткіліксіз деңгейдегі білімі мен түсінігін көрсетеді.	1-2 балл Сипатталған мазмұнды жеткіліксіз деңгейде талдайды және бағалайды.	1 балл Пікірлер шапшаң, не дәйекті түрде жеткізілмеген. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер бар.
0 балл Сипатталған мазмұн арқылы білімі мен түсінігі жоқ екенін көрсетеді.	0 балл Сипатталған мазмұнды талдауы мен бағалауы жоқ.	0 балл Жазылу тәртібі бұзылған, пікірлер жақсы жеткізілмеген. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер көп.

В бөлімі

Оқушылар бұл бөлімнің **бір** сұрағына жауап беруі қажет.

- 1 Қазақстандағы саяси реформаларды қолдайтындар мен қарсылық білдіретіндердің дәйектерін бағалаңыз. [30]
- 2 1991 жылдан бастап саясаттың қоғамдық немесе білім саласындағы ықпалын бағалаңыз. [30]
- 3 Қазақстанның басқа мемлекеттермен интеграциядағы артықшылықтарын бағалаңыз. [30]

В бөлімінің балл қою кестесі

1 x 30 балл

БМ 1 10 балл

БМ 2 15 балл

БМ 3 5 балл

В бөлімінің сұрақтары үшін белгілі бір тапсырмаға байланысты балл қою кестесі қолданылады. 3 сұрақ үшін балл қою кестесі мысал ретінде көрсетілген.

Белгілі бір тапсырмаға арналған балл қою кестесінің үлгісі

Оқушылар Қазақстанның өзге мемлекеттер интеграциясының артықшылығы жайлы хабардар екенін көрсетеді. Оқушылардың жауаптарында төмендегілер қамтылуы мүмкін:

- Мәдени мәселелерді түсіну үшін Қазақстанның ерекшеліктерін білу;
- Экономикалық өркендеуге көмектесу;
- Қауіпсіздікті сақтау және жанжалдардың алдын алу;
- Қазақстанға қатысты жергілікті, аймақтық және жаһандық мәселелерді шешуде көмек көрсету. Мысалы экологиялық, энергетикалық өсу, халық санының өсуі немесе терроризм;
- Аймақтық дауларды шешудегі көмек;
- Басқа жердегі инновацияны жете түсіну және басқалардың тәжірибесінен үйрену;
- Ұлттық, идеологиялық және діни сұрақтарға қатысты жанжалдарды реттеуге көмектесу;
- Мәдени сұрақтардан көбірек хабардар болуын дамыту;
- Жаңа нарықтың құрылып дамуындағы саудалық және экономикалық мүмкіншіліктері.

Бұл оқушылардың жауаптарында болуы тиіс. Ақпарат толық емес, баламалы, оңтайлы дәлелдерді қамту үшін балды қоюды стандарттау жиналысында толықтырылу қажет. Емтихан алушыларға БМ 1 және БМ 2 қатысты эксперттік шешім жасауда балды қоюдың жалпы кестесі белгілі бір тапсырмаға арналған балл қою кестесімен бірге қолданылады.

Балл қоюдың жалпы кестесі

Жарты балл қойылмайды.

БМ 1	БМ 2	БМ 3
9-10 балл Оқушылар тұжырымдар, үдерістер, теориялар және пікірталастар туралы толық білімдері мен түсініктерін көрсетеді. Олардың берген жауаптары сұрақтың талаптарына толығымен сәйкес келеді және контекстен үздік хабардар екенін көрсетеді. Олар дәлелдердің жоғарғы дәрежедегі нақтылығын қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда, сипатталған пункттерді көрсетіп тұстас мысалдар келтіреді. 11 және 12 -сыныптардың оқу бағдарламасының негізгі тақырыптарынан алған терең білімін көрсетеді.	13-15 балл Оқушылар ақпаратты, дәйектер мен түсіндірмелерді тиімді талдай және бағалай алады. Параллелдерді байланыстарды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жоғарғы деңгейде анықтай алады. Оқушылар саяси, экономикалық және қоғамдық сұрақтардың өте жақсы талдауын жасап, синтездей алады. Дәйектердің екі жағынан да хабардар екенін көрсете отырып, олар өте жақсы теңдестірілген жағдайда негізделген қорытындыға келеді.	5 балл Жауап логикалық дәйектермен тиімді ұйымдастырылған. Пікірлер өте нақты әрі логикалық, жүйелі түрде көрсетілген. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер жоқ, бар болған жағдайда өте аз.
7-8 балл Оқушылар тұжырымдар, үдерістер, теориялар және пікірталастар туралы толық білімдері мен түсініктерін көрсетеді. Олардың берген жауаптары сұрақтың талаптарына сәйкес келеді және контекстен жақсы хабардар екенін көрсетеді. Дәлелдердің нақтылығын қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда сипатталған пункттерді көрсетіп, кейбір тұстас мысалдар келтіреді. 11 және 12-сыныптардың оқу бағдарламасының негізгі тақырыптарынан алған жақсы білімін көрсетеді.	10-12 балл Оқушылар ақпаратты, дәйектер мен түсіндірмелерді талдай және бағалай алады. Параллелдерді, айланыстарды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жоғарғы деңгейде анықтай алады. Оқушылар саяси, экономикалық және қоғамдық сұрақтардың жақсы талдауын жасап, синтездей алады. Дәйектердің екі жағынан да хабардар екенін көрсете отырып, олар өте жақсы теңдестірілген жағдайды нақты қорытындыға келіп қарастырады.	4 балл Жауап жалпы логикалық дәйектермен жақсы ұйымдастырылған. Пікірлер нақты әрі логикалық, жүйелі түрде көрсетілген. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер аз.
5-6 балл Оқушылар тұжырымдар, үдерістер, теориялар және пікірталастар туралы жеткілікті білімдері мен түсініктерін көрсетеді. Олардың берген жауаптары сұрақтың жалпы талаптарына сәйкес келеді және контекстен аздап хабардар екенін көрсетеді. Олар кейбір	7-9 балл Оқушылар ақпаратты, дәйектер мен түсіндірмелерді талдай және бағалай алады. Кейде параллелдерді, байланыстарды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жоғарғы деңгейде анықтай алады. Оқушылар саяси,	3 балл Кейбір жүйелі дәйектермен жауап ұсынылған. Пікірлер берілген, бірақ логикасыз, жүйесіз түрде. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер кездеседі.

дәлелдермен қамтамасыз етеді. Қажет болған жағдайда сипатталған пункттерді көрсетіп, шектеулі тұстас мысалдар келтіреді. 11 және 12-сыныптардың оқу бағдарламасының негізгі тақырыптарынан алған жеткілікті білімін көрсетеді.	экономикалық және қоғамдық сұрақтардың талдауын жасап, кейбір жағдайда синтездей алады. Дәйектертердің екі жағынан да хабардар екенін көрсете отырып, олар теңдестірілген жағдайды нақты қорытындыға келіп қарастыруға тырысады.	
3-4 балл Оқушылар тұжырымдар, үдерістер, теориялар және пікірталастар туралы базалық білімдері мен түсініктерін көрсетеді. Олардың берген жауаптары сұрақтың маңызды емес талаптарына сәйкес келеді және контекстен аздап хабардар екенін көрсетеді. Жалпы олар дәлелдер мен сипатталған пункттерді көрсететін тұстас мысалдар келтірмейді. 11 және 12-сыныптардың оқу бағдарламасының негізгі тақырыптарынан базалық білімін көрсетеді.	4-6 балл Оқушылар ақпаратты, дәйектер мен түсіндірмелерді жеткілікті дәрежеде талдай және бағалай алады. Кейде параллелдерді, байланыстарды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жоғарғы деңгейде анықтай алады. Оқушылар саяси, экономикалық және қоғамдық сұрақтардың базалық талдауын жасап, бірақ синтездей алмайды. Дәйектердің екі жағынан да хабардар екенін көрсете алмайды және теңдестірілген жағдайды нақты қорытындыға келуге тырысады.	2 балл Аздап кейбір жүйелі дәйектермен жауап ұсынылған. Пікірлер берілген, бірақ логикасыз, жүйесіз түрде. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер кездеседі.
1-2 балл Оқушылар тұжырымдар, үдерістер, теориялар және пікірталастар туралы өте аз білімдері мен түсініктерін көрсетеді. Олардың берген жауаптары сұрақтың минималды талаптарына сәйкес келеді және контекстен аздап хабардар екенін көрсетеді. Олар дәлелдер мен сипатталған пункттерді көрсететін тұстас мысалдар келтірмейді. 11 және 12-сыныптардың оқу бағдарламасының негізгі тақырыптарынан өте аз білімін көрсетеді.	1-3 балл Оқушылар ақпаратты, дәйектер мен түсіндірмелерді жеткілікті дәрежеде талдай және бағалай алмайды. Параллелдерді, байланыстарды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жоғарғы деңгейде анықтай алмайды. Оқушылар саяси, экономикалық және қоғамдық сұрақтардың минималды түрде талдап синтездейді. Дәйектердің екі жағынан да хабардар екенін көрсете алмайды және теңдестірілмеген жағдаймен ешқандай қорытындыға келе алмайды.	1 балл Жауапты логикалық тұрғыдан үйлеспеген. Пікірлерді логикасыз, жүйесіз түрде де бере алмайды. Грамматикалық, орфографиялық және пунктуациялық қателер кездеседі.

0 балл Оқушылардың тұжырымдар, үдерістер, теориялар және пікірталастар туралы білімдері мен түсініктері мүлде жоқ. 11 және 12-сыныптардың оқу бағдарламасының негізгі тақырыптарынан мүлде білімі жоқ.	0 балл Оқушылар ақпаратты, дәйектер мен түсіндірмелерді талдаған немесе бағалағанының ешқандай дәлелі жоқ. Параллелдерді, байланыстарды, ұқсастықтар мен айырмашылықтарды жоғарғы деңгейде анықтай алмайды.	0 балл Мазмұны логикалық тұрғадан үйлеспеген және грамматикалық, орфографиялық, пунктуациялық қателер көп.
--	---	--

7.2 2-емтихан жұмысы

Курстық жұмыс

1 x 40 балл

БМ 1 10 балл

БМ 2 20 балл

БМ 3 10 балл

Курстық жұмысты бағалаудың критерийлері төменде көрсетілген:

Балдар	БМ 1 Оқушыларды білу мен түсіну дағдысы бойынша бағалау	БМ 2 Оқушыларды қолдану, анализ, бағалау, синтез дағдылары бойынша бағалау	БМ 2 Оқушыларды дәйектерді тиімді пайдалануын және зерттеу материалдарын тиімді таңдап алуын бағалау	БМ 3 Оқушыларды берілген тапсырмаларды сәйкес стильде жазуын бағалау
9-10	- Жоғары дәрежеде идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді тиімді түрде пайдаланады. - Қазақстанның әлемдегі орны мен рөлін жоғары дәрежеде түсінеді.	- Жоғары дәрежеде идеяларды, тұжырымдар мен дәлелдерді пайдаланады. - Идеяларды, тұжырымдарды, дәйектер мен дәлелдерді жоғары деңгейде бағалайды және іріктейді. - Жақсы дәрежеде идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді пайдаланады. - Идеяларды, тұжырымдарды, дәлелдер мен дәйектерді жақсы деңгейде бағалайды және іріктейді.	- Тәуелсіз көзқарасты баяндайтын жауаптарға жоғары дәрежеде негізделген және сарапталынған нақты дәйектер береді. - Жоғары тиімділік деңгейінде зерттеу дағдысын көрсетеді.	- Берілген жазба тапсырмаларын логикалық жүйеде дәл және барлық жазылу ережелер талаптарына сәйкес жоғары дәрежеде және тиімді орындайды. - Грамматикалық және жазылу/ пунктуациялық қателері аз немесе жоқ жоғары деңгейдегі жазбаша жұмысты көрсетеді.
7-8	- Тиімді дәрежеде идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді пайдаланады. - Қазақстанның әлемдегі орны мен рөлін жақсы дәрежеде түсінеді.	- Жақсы дәрежеде идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді пайдаланады. - Идеяларды, тұжырымдарды, дәлелдер мен дәйектерді жақсы деңгейде бағалайды және іріктейді.	- Негізделген және тиімді жауаптар беретін жақсы дәрежедегі дәйектерді келтіреді және өзінің тәуелсіз ой-пікірін бере алады. - Тиімді деңгейде зерттеу дағдысын көрсете алады.	- Берілген жазба тапсырмалары логикалық жүйеге сәйкес және жазылу ережелерінің көбі жазылу талаптарына сай, тиімді дәрежеде орындалған. - Коммуникациялық тәртіпті бұзбайтын грамматикалық және жазылу/ пунктуациялық қателері кездесетін жақсы деңгейдегі жұмыстар көрсетеді.
5-6	Жалпы дәрежеде идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді тиімді пайдаланады.	Орта деңгейде оқушылар идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді пайдаланады және сараптайды.	Орташа деңгейдегі дәйектерге негізделген, кейде жақсы деңгейді көрсетпеген немесе тиімсіз және тәуелсіз жауаптар бере отырған ой-пікір білдіреді.	Берілген жазба тапсырмаларындағы идеялардың көбі логикалық жүйеге және кейбір жазылу ережелері талаптарына сай орта деңгейде орындалған

	Қазақстанның әлемдегі орны мен ролін орта деңгейде түсінеді.	Идеяларды, тұжырымдарды, дәлелдер мен дәйектерді орта деңгейде бағалайды және іріктейді.	Орта деңгейде зерттеу дағдысын көрсете алады.	Коммуникациялық тәртіпті бұзбайтын грамматикалық және жазылу/пунктуациялық қателері көбіне кездесетін орта деңгейдегі жұмыстар көрсетеді.
3-4	Идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді тиімді пайдаланады, бірақ көбінесе олар тиімсіз келеді.	Идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді белгілі деңгейде және тиімсіздігі аз келеді.	- Логикалық және тиімділік жағынан дұрыс жауапты өрбітпейтін, қалыптасқан дәйекті келтіруге таппынатын жауап көрсетеді - Шектелген деңгейде зерттеу дағдысын көрсете алады.	- Берілген жазба тапсырмаларындағы идеялардың көбі логикалық жүйеге сәйкес емес және кейбір жазылу ережелері талаптарының бұзылуы шарттары кездесетін ортадан төмен деңгейде орындалған. - Коммуникациялық тәртіпті бұзатын грамматикалық және жазылу/пунктуациялық қателері көп, ортадан төмен жұмыстар көрсетеді.
1-2	- Идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді тиімсіз пайдаланады. - Қазақстанның әлемдегі орны мен ролін төмен деңгейде немесе мүлдем түсінбейді.	- Идеяларды, тұжырымдарды және дәлелдерді аз және тиімсіз пайдаланады. - Идеяларды, дәйектер мен дәлелдерді аз және тиімсіз деңгейде бағалайды және таңдап алады.	- Тиімділігі төмен немесе таппынысы жоқ жауаптар береді - Тиімділігі төмен немесе негізі жоқ зерттеу дағдысын көрсете алады.	- Берілген жазба тапсырмаларындағы идеялары логикалық жүйеге сәйкес емес және жазылу ережелері жалпы талаптарының шарттары бұзылған жұмыстар көрсетеді. - Коммуникациялық тәртіпті бұзатын грамматикалық және жазылу/пунктуациялық қателері өте көп, талаптарға сәйкес емес жұмыстар көрсетеді.
0	Сәйкес мазмұны немесе жауабы жоқ	Сәйкес мазмұны немесе жауабы жоқ	Сәйкес мазмұны немесе жауабы жоқ	Сәйкес жауабы жоқ

